

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

ISSN 2224-5294

Volume 2, Number 312 (2017), 258 – 263

T.Albekov

M.O.Auezov Institute of Literature and Art
tokhtar58@mail.ru

**RELIGIOUS MANUSCRIPTS AND THEIR ROLE
IN NATIONAL CULTURE**

Annotation. This article is about Kazakh dastans [poems], especially history of formation, collection and publication of religious poems. One of the favorite companions of Prophet Muhammad Hazrat Ali is regarded campaigns for justice. The intent of the colonial empire of Russia, the study of pre-revolutionary Kazakh Islamic society, the spiritual values of the nation in the Soviet period and some of the key issues in the years of independence will be discussed in this article.

Keywords: religious dastans, nation, Islam, East, Mohammed, Ali, rare manuscripts, folklore, story, genre, Iran, literary and cultural, version, collection, research, work.

ӘОЖ: 398; 801.8.

Т.Әлбеков

М.О. Өүезов атындағы Әдебиет және өнер институты, Алматы қ., Қазақстан

**ДІНИ ЖӘДІГЕРЛЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ
ҰЛТ РУХАНИЯТЫНДА РӨЛІ**

Аннотация. Мақалада қазақ дастандарының, есіресе діни туындылардың қалыптасуы, оның жиналуды мен жариялану тарихы, осы жанрдағы жырлардың негізгі кейіпкері, Мұхаммед пайғамбардың сүйікті серіктерінің бірі – Хазірет Әлидің әділет жолындағы жорықтары қарастырылады. Сондай-ақ зерттеуге Ресей империясының отаршылдық піғылымы, Ислам дінінің Қазан тәңкөрісіне дейінгі қазақ қоғамындағы, ұлт руханиятындағы орны, қенестік кезеңдегі, ел тәуелсіздігі жылдарындағы кейбір өзекті мәселелер де арқау болады.

Түйін сөздер: діни дастандар, ұлт, ислам, шығыс, Махаммед, Әли, сирек қор, фольклор, сюжет, жанр, Иран, әдеби-мәдени, байланыс, нұсқа, жинаушы, зерттеу, еңбек, т.б.

Қазақ дастандары – батырлық жырлардың дәстүрімен тікелей үндесіп, солардың негізінде қалыптасып, қатар дамып отырған жанр. Осы текстес шығармалар Таяу және Орта Шығыс, Оңтүстік-Шығыс Азия халықтары арасында кеңінен таралған. Есіресе, романтикалық сарындағы дастандар X–XV ғасырларда араб, парсы, тәжік, өзбек, түркімен, әзіrbайжан т.б. елдердің әдебиеттерінің биікке көтерілуіне зор ықпалын тигізді.

Бұл пікірге іісі түркі жұртына танымал «Ләйлі-Мәжнұн», «Хұсырау – Шырын», «Ескендір-наме», «Шыңғыс-наме», «Мұхаббат-наме», «Көркіт ата», «Оғызнаме», «Жұсіп – Зылиха», «Корұғлы» секілді жыр жаунарлары мен Фирдоусидің «Шахнама» дастанын атап өтсек те айғакты дәлел болады. Олардың қатарына башқұртта, татарда, ногайда, алтайлықтарда ғана кейбір ұлттық версиялары сакталғанмен, XIII-XIV ғасырлардан бері жырланып, халқымыздың ұлттық мұрасына (30-дан астам нұсқалары – Т.Ә.) айналған «Қозы Қөрпеш Баян сұлу», XVII ғасырдан бастап ұрпактан ұрпакқа ауызша тараған «Қызы Жібек», «Айман–Шолпан» (XIX ғ. I-жартысы) туындыларын қосқанда, қазақ дастандарының да шығу тегінің бағзы замандаға тірелетінін анғарылады.

Бүтінгі күнге жетіп, еліміздің сирек қорларында сакталып қалған қолжазбалар мен көне кітаптар – халықтың ғасырлар бойы ұрпактан-ұрпакқа ауызша тараған келген бүкіл рухани жәдігерлерінің бірер ғана парасы. Ал халық әдебиетінің негізгі бөлігі дер кезінде хатка түсіп, жүйелі турде жиналмай қалды. Оның

басты себептерін қазақ халқының соңғы уш ғасыр аясында бастап кешірген тарихи, саяси-әлеуметтік ахуалдарымен біртұтас қарастырған жөн. Бұған, ең алдымен Қазақ хандығының құрылуынан бергі кезеңдерде оның Орта Азия, Рессей мемлекеттерімен, әсіресе жонғарлармен болған үзіліссіз соғыстары, көшпенді өмір салты айырықша эсер етті.

Орта ғасырлардың өзінде Шығыс елдері әдебиеттерінің кейбір классикалық сюжеттері назиралық үлгіде жырлану үрдісі көптеген халықтарда кеңінен белек алған болса, осы бағыттың қазақ әдебиетіндегі көріністері тек XIX ғасырдың бас кезінде ғана байқалады. Бұл пікірді Қазан университеті баспаханасынан 1807 жылы қазақ тілінде тұнғыш рет басылым көрген «Сейпіл-Мөлік» атты дастан айғақтайды. Алайда, Ұлы Жібек жолы бойындағы қазақ даласының, оны ен жайлаған халқымыздың ғасырлар бойы Шығыс елдерімен қоян-қолтық араласып, әдеби-мәдени салалар бойынша сан-салалы байланыстарын ескергенде, турлі себептермен бүтінгі құнғе жетпеген назиралық сипаттағы мұралардың аз болмағандығы да анық. Тек бізге белгілі болғандай, қазақ ақын-жыраулар, жыршылар осы бағытқа XIX ғасырдың II-жартысынан кейін ғана айырықша дең қойып, халыққа бейтаныс көптеген шығармаларды дүниеге келтірді. Соның негізінде Қазан төңкөрісіне дейінгі аралықта мазмұны шығыс оқиғаларының желісіне құрылған «Хатымтай Жомарт» (1848), «Қисса-и Тәмимдар» (1866), «Қисса-и Қожа Faффан» (1875), «Қисса-и Тахир илән Зухра» (1876), «Қисса-и Зарқұм» (1877), «Қисса- и Сейд- Battal» (1878), «Қисса – и Салсал» (1879), «Қисса-и Шакір Шакірат падишаһ нашим балалары» (1980), «Қисса-и Жұм-жұма» (1881), «Қисса-и Мұхаммед-Ханафия» (1882), «Қалила уә Димна кітабы» (1888), «Қисса-и Аңхәрәт-и Рәсүлнің мігражға қонақ болғаны», «Қисса-и Хәзрәт-и Фали» (1896), «Қисса-и уақиға Кербала» (1897) т.б. ондаған назиралық шығармалар жарыққа шығып, алғаш қазақ оқырмандарының назарына ілікті және рухани мұраларды толықтырды.

Бұл жәдігерлер тарих сокпағының әр кезеңдерінде туындалап, атадан балаға ауызша тарап, халық жадында мәңгілік сақталып қалды. Осы ұзақ жолда ақын-жыраулардың, жыршылардың реперуарында толықты, жетілдірілді, тіпті үзіліп, бүтінгі құнғе кей шығармалардың жүрнағы ғана іліккен болса, кейде бір туындының ондаған нұсқалары мен версиялары жетті. Олар қазақ қоғамының әр кезеңінде өскелен ұрпактардың санасына сіңіп, отансұйғаштікке, әділдікке, имандылыққа, ынтымақ-бірлікке, адаптация үндеп отырды.

XIX ғасыр мен XX ғасырдың тоқсаныншы жылдарына дейін халық мұрасын жинау, жүйелеу, зерттеу, жариялау шаралары біршама дұрыс жолға қойылғанмен, оларды толық хатқа түсіруге отаршыл Ресей империясы мен Кеңес әкіметінің құйтырқы саясаттари, цензураның қатал құзіреті мүмкіндік берmedі. Назиралық шығармалар, әсіресе, діни сипаттағы поэзиялық туындылар, дастандар мен хикаят-әпсоналар саяси идеологияның, таптық қозқарастың шылауында қалып, алаланып жиналды. Жинала қалғанның өзінде ұзақ жылдар шаң қауып, еліміздің сирек қорларында жатып қалды.

Шығыс сюжеттері негіз болған туындылардың ауқымды бір бөлігін діни дастандар құрайды [1]. Жалпы діни сарындағы шығармалар құрылымының түпкі өзегі, негізгі қозғаушы тетігі – барша мұсылмандарының асыл діні Исламды дәріптеу, оның әлем халықтары арасындағы беделін көтеру және мойыннату мәселелері. Халық шығармаларында осы курделі де аса жауапты миссияны орындау жолындағы Мұхаммед (а.с.а.) пайғамбар мен ұрпактарының, оның Әбу Бакір, Омар, Оспан, Әзірет Әли сынды серіктерінің, сенімді сахабаларының жорықтары, Пайғамбардың жеке басынан өткен оқиғалар, қарапайым халыққа қатысты атқарған өнегелі іс-әрекеттері, тағылым-тибраттары, өсімет-насихаттары т.б. баяндалды. Сондай-ақ ынтымақ-бірлік, адамгершілік, адаптация мен өзбекпен мал табу, тұрмысы нашарларға көмек қолын созу, әділдік, әдептілік, алушылық, қайырымдылық, мейірім таныту сияқты имандылық қағидалары – діни дастандардың басты идеясы болып табылады. Дін жолындағы құрестерде көзсіз ерлік көрсету, бас тігу, мақсатқа жету, намысты аяқта таптаптау секілді қаһармандық сипаттар кейіпкерлердің негізгі қасиеттері ретінде бейнеленеді. Сондыктан бұл санаттағы туындыларда басты кейіпкерлер тарихи тұлғалар тұрғысында ғана емес, негізі әпикалық қаһарман бейнесінде дараланады. Тарихи деректер, оқиғалар көмексілініп, қайраткерлер бірде діні, болмаса миғтік, ертегілік, хикаялыш кейіпке, бір сөзбен айтқанда, фольклорлық бейнеге айналып кетеді. Қызықты оқиғаларға толы, тіл шүрайлы және таза қазақ тілінде жарияланған бұл шығармалар сол тұста өте жоғары сұранысқа ие болды.

Діни дастандардың бір парасы Имам Әлидің Мұхаммед (а.с.а.) пайғамбармен достығын, оның Исламды орнықтыру мақсатындағы қылыштың күрестерін, ұлдары Хасен, Мұхаммед-Ханафия, Ҳұсейін мен өзге де ұрпактарының ата дәстүрін жалғауши, дін жолында бастарын өлімге тігуші қаһарман ретіндегі бейнесін сомдайды. Мысалы, «Әзірет Әлидің соғысы» дастанының негізгі идеясына адамға қайырымдылық көрсету, сый-сияпта жасау сияқты ізгі ниет түрткі болғанмен, шығарманың басты оқиғалары Әлидің дінсіздермен өткен бірнеше соғыстарын баяндауды. Мұхаммед (а.с.а.) пайғамбардың Әбубекір, Омар, Оспан, Әли сынды серіктеріне деген ілтипаты, ал олардың бір-біріне болған ықылас-ниеттері шығарманың кіріспесінен бастау алады. Жаны жомарт Сәдуақас есімді бір сахаба балаларын сұндетке отырғызып, Расул Алланы тойға

шакырып келеді. Ол ризашылығын білдіріп, «Әбубекір Сыдыққа айттың ба бұны!» – деген сауал қойып, сенімді серігіне жібереді. Өз кезегінде Әбубекір де, Омар да, Оспан да осы сұрапты қойып бірі-біріне сілтейді. Сәдуақас ең соңында Әлидің үйіне келіп, әңгіме арасында бұйымтайы есінен шығып кетеді. Кештеу естіген және тойға не сыйларын білмей қысылған Арысланды әйелі Пәтима құтқарып, сандықта сақтап келген «Ұжмактан осы жерге келген» деген жазуы бар жаунарды береді. Бірақ оны алмаған Әли жорыққа аттанып, Әбулмұхсин, Қаққа патшалардың елін шабады. Қөптеген қыныншылықтарды басынан өткеріп, женилген жауды Ислам дініне кіргізеді. Қолға түсken олжаны Сәдуақастың тойына сыйлайды [2]. Бұл Әлидің досқа адалдық, қолы шық – жомарттық, дінге беріктік, жауға ымырасыздық, жауапкершілік қағидаларын бұлжытпай орындайтын қасиеттерін айфактайды. «Қисса хазірет Әли разы Алла анұдың шаһ Барбарға құл болып сатылған турагы» дастаның оқиғалар желісінде бүкіл мұсылман елдеріне аныз болып тараған Әлидің мейірімділік жолында құл болып сатылуға да, «Бозторғай» қисссасында мұсөпір адамды құлдықтан арашалап алу үшін балалары Хасен мен Ҳұсейінді кепілдікке беруге де арланбайтын даралық мінезі сез болады [3].

Ал, «Қисса хазірет Әлидің Саранбайды жолға салғаны» атты туындыда Әлидің тыраштанып жинаған мал-мұлікінен зекет, қайыр-садақа бөліп таратуға сарандық танытқан бір ашкөз байды шариттары арқылы имандылық жолға түсіріп, Ислам дініне тартудағы терең білім-парасаты, жігер-қайраты, тапқырлығы, сөзшен-шешендігі көркем суреттеледі [4]. Бұл да – Әлидің бейберекет қолына қару алып, жазықсыз қан тәкпейтіндігіне, мүмкіндігінше көпкүдайшыларды жан-жақты үтіт-насихаттың, уағыздың негізінде Исламға енгізудегі елшілік қырының айқын дәлелі. «Дариға қызы», «Қисса Шаһизинда» секілді шығармаларда Әли қызды күресте жеңу арқылы некелеседі. Жырлардың мазмұнын құрайтын оқиғалар желісі әлемнің көптеген халықтарына тән белгілі мотивтің маңында өрбігенмен, шығармалардың негізгі идеясы – әдептілік мәселесі. Жырда экесі Әлиге қол тигізген ұл өзін қунәлі, жер басып жүргүре құқылы емес жан ретінде санаپ, Алланың пәрменімен дәу тасты көтеріп, астына түсіп кетеді. Бұл ретте жыршылар анахронизмге бой алдырып, тарихи шындықтан тым алшақтап кетіндері байқалады. Мәселен, Әли ұрпақтарынан тараған он екінші Жасырын имам Әбіл-Қасым Мұхаммед ибн әл-Хасан әл-Мағди Арысланның Дариғадан туған ұлы ретінде жырланады [5].

Имам Әлиге қатысты дастандардың бір бөлігі – ерлікке толы жорық жолдарын бейнелейді. Атап айтқанда, «Хазірет Әлидің Жанәділ шаһарында тәбелескені», «Салсал» дастандарында Әлидің ерліктері мифтік, ертегілік сипатта бейнеленеді. Алдыңғы туындыда Ахтам есімді сахаба өз жанынан достық пейілді жоғары қойып, Әлидің орынан құрбан болады. Жаудың Қабыл палуаны оның басын кесіп, патшасына сыйға тартады [6]. Ал, «Салсал» дастанында Әлидің Ислам жолына бас тіккен бүкіл қаһармандық болмысы, досқа деген адалдығы, жауға ымырасыздығы, әскери істегі шеберлігі жан-жақты суреттеледі [7].

Әли бас кейіпкер болып табылатын діни дастандардың сюжеттік желісіне көбіне VII-VIII ғасырлар шамасындағы мұсылмандардың Исламды тарату мақсатымен көпдінді ру-тайпалармен, елдермен жүргізген үлкенді-кішілі соғыстар, жорықтар, бейбіт келісімдер арқау болған. Алайда, жыршылар тарихи нақтылықтан көрі такырыбына орай жүйелі түрде көне мифтік, қиял-ғажайып ертегілік, эпикалық сюжеттердің кіріктіріп, сол кезеңнің оқырмандарын, тындармандарын қызықтыруды мақсат тұтқан. Сол себептен де кейіпкерлер арасында Жәмшид, Рустем, Асфандияр, Баһрам, Феридун т.б. біздің заманымызға дейінгі дәуірдің танымал тұлғалардың жиі ұшырасатыруға болады. Сондай-ақ Әлидің небір алып, құбыжық мақұлыктармен күресуі, Алланың пәрменімен кектен түсken самсам, қамқам, зұлпықар атты үш қылышының қасиеттері, қарсылас жауының жүргегін жаратын зор дауысы, тұлпары Дұлдімен сөйлесуі, болмаса кейіпкерлердің сикырышылығы, табиғаттың тылымсыз күшін пайдалануы, жұмбак іс-әрекеттері т.б. шығармалардағы тарихи шындықты алшақтата түседі. Сондықтан дастандарда сез болатын әскери жорықтар, оқиғалар Мұхаммед (с.а.с.) пайғамбар өмірден өткеннен көп кейін өткендігін, немесе қиялдан туындағанын аңғару қыын емес.

Жоғарыда айтылғандай, Қазан төңкөрісіне дейін басылым көрген, болмаса халық арасында ауызша тараған діни дастандардың негізгі идеясы Ресей империясының бодандығындағы көшпелі қазақ мұсылмандарына ислам дінін насиҳаттау, рухани деңгейін көтеру мәселелері болғандықтан, олар мектептер мен медреселерде, жалпы жамағаттар жиі бас қосатын жынын-топтарда оку құралдарының рөлін аткарды. Себебі XIX ғасырдың соңы ширегінде Қазақстанда Ислам насиҳаты кең өрістеді. Оған, біріншіден, христиан миссионерлерінің қазактарды шоқындыруға бағытталған әрекеттері себеп болды. Қазақстанға ислам әдебиеті үсті-үстіне жеткізілді, татар һәм ортаазиялық молдалар да өз ықпалын қүшшайтпекке барын салды. Әсіресе қисса, дастандарды мұсылман такырыбына ойыстыруға көп күш жұмсады. Шын мәнінде Ресейдің қазактар арасында Ислам дінін терен насиҳаттау арқылы отаршылдықты бекемдеуге тырысқан амал-әдістері тольғы іске аспай қалды. Енді олар миссионерлік жолмен бұратана халықты шоқындырып, христиан дініне бойындыру арқылы ділінен, тілінен, салт-дәстүрінен ажыратып, тұтас мұсылман дінді ұлт ретінде тарих сахнасынан ығыстыру мақсатында жоспарлы жұмыстар жүргізе бастады. Бұл ретте, ен

алдымен, мемлекет тарапынан мол қаржы бөлініп, христиан дінін дәріптейтін әдебиеттер қазақ тіліне аударылды және олар араб әрпінде, көбіне кирилл әліпбайінде басылым көріп отырды. Қазақ даласында миссионерлік саясаты іске асырушы мамандар дайындау үшін таңдаулы шығыстанушылар, шоқынды түрік халықтарының өкілдері жұмылдырылды. Осы бағытта орыс-түзем мектептері, мұғалімдер семинариясы көптеген ашылып, жергілікті халық ғасырлар бойы пайдаланып келген араб жазуы кирилл әліпбайне ауыстырыла бастады. Арапас мектептерге арналған оқулықтар, сөздіктер, тілашарлар мен хрестоматиялар миссионерлік бағытта жазылды және мақсатты түрде оқытылды. Мұсылман елдерімен, әсіресе бауырлас татар зиялыштарымен рухани байланыс үзіліп, Қазақстандағы Дін басқару жүйесінә әкімшілік құрылымдары арқылы басқарылды. Қажы сапарлары, мешіт, медресе ашу, жергілікті имамдарды тағайындау мәселелері отаршылдар тарапынан шешілді.

Алайда, Ресей империясы діттеген мақсатына тағы да жете алмады. Оның бірнеше себептері бар еді. Біріншіден, көшпелі өмір салтын ұстанған қазақтар мал жайылымына байланысты бір қоныста тұрақтамай, маусымдық жағдайда көшіп-қонып жүргендіктен, миссионерлерге олардың басын қосып, үгіт-насихат жүргізуге толық мүмкіндіктер болмады. Екіншіден, татар зиялыштары, әсіресе дінбасылар бауырлас халықты шоқындыруға зор қарсылық білдіріп, қарсы іс-әрекеттерге барды. Олар Шығыс мұсылман елдерінен шықкан діни әдебиеттердің қазақтар арасына таралуына, соңдай-ақ Қазаннан шықкан кітаптардың да дер кезінде жетіп отыруына көп күш жұмсады. Бұл басылымдар жергілікті халықтың рухани азығына айналып, зор сұраныска ие болды. Үшіншіден, XIX ғасырдың соңғы ширегінде шығыс тілдеріне жетік, орысша сауатты, жеке басының жағдайынан ұлт мұддесін биік санаған Ш.Шайхисламұлы, Т.Сейдалин, С.Жантөрин, М.Бабажанов, Б.Дауылбаев, Ш.Шахмарданұлы, М.Ж. Қопеев, А.Сабалов, М.Тыныштықұлы, Ш.Құдайбердіұлы сияқты қазақ зиялыштарының бір буыны қоғамдық іс-шараларға белсене араласа бастады. Олар татар оқығандарымен шығармашылық ынтымактатықта діни шығармаларды қазақ тіліне аударып, көптеген аңыздарды, хикаяттар мен әнгімелерді жыр үлгісіне түсірді. Сөйтіп, ауыздан ауызға тараған діни қисса, дастандар сайын далада Сарыарқаның сары желіндегі есіп, әр қазақтың жүргегіне нұр болып құйылды. Ислам дінінің қадір-қасиетін, Ҳақ жолын осы әдеби жәдігерлерден біліп ұқты.

Орыс миссионерлерінің жұмысының саясаты түйіпка тіреліп, осы науқанға жұмсалған қыруар қаржы желге ұшты. Бірақ XX ғасырда патшалы Ресейдің мұрагері болған коммунистер қасиетті діни жазба ескерткіштерді отқа жағып, мешіттерді киравтты. Аман қалған әдебиеттерді діндарлар көзден таса ұстады, қауіпті жағдайларда жерге көмді. Көп ретте олар кейінгі ұрпақтарға өздері дүниеден оғанда тіршілігінде жан серігіне айналған қасиетті кітаптарды бірге жерлеуді аманат етті. Кейін солай болды да. Міне, діни мұралардың бүгінгі күнге жету тарихы осындей. Соңдықтан еліміздің сирек әдеби корлары мен қолжазба қоймаларында, мұрагаттарда, мұражайларда Құрандар, қолжазбалар, көне кітаптар, әдеби шығармалар өте аз сақталған.

Қазақстандағы әдеби мұраларды жинап, сактайтын, жүйелеп әрі текстологиялық зерттеулер жүргізетін және академиялық деңгейде жариялау жұмыстарын жүргізетін бірегей құрылым – М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Қолжазбалар қоры. Мұнда жинақталған діни жәдігерлерді екі топқа бөліп қарастыруға болады. Алғашқысы – әр кезеңдерде, түрлі көлемде басылым көрген Құрандар, Ислам негіздері мен тарихын, шарифат қағидаларын қамтыйтын кітаптар және олардың діндар адамдар көшірген қолжазба нұсқалары, қазақ тіліндегі аудармалары, шағатай тілінде жазылған Қ.А. Йасауидың, С.Бакырганидың т.б. еңбектері. Қорда осындағы әдебиеттің біршама атауы сақталған. Бұл құндылықтар жоғарыда көрсетілген кедергілердің салдарынан XX ғасырдың жетпісінші жылдарынан бастап қана корға түсе бастаған. Тіпті, көпшілігі еліміз тәуелсіздігін алғаннан кейін жиналғандықтан, қайта қалпына келтіру, жүйелеу жұмыстары жүргізілмеген. Олардың біразы кезінде қалыпты жағдайда сакталмай, кейбірі ұзақ жылдар жерде көмүлі жатып қалғандықтан, көп беттері жыртылып, болмаса шіріп кеткен. Соңдықтан олардың бүгінгі сақалу күйін қанағаттандырлық деп айту қын. Бұл ретте Ислам дінін тұтынатын елдермен тізе қосып аткарап жұмыстар аз емес. Ал, екінші топтағы мұраларға жоғарыда аталаған кітаптарға енген діни қисса, дастандары, аңыз, әнгімелерді, шарифат қағидаларын уағыздайтын өлең, жыларды жатқызуға болады.

Еліміз тәуелсіздігін жариялад, етек-женин жинаған кезеңде халықтың рухани құндылықтарына ерекше көңіл бөлінгені белгілі. Алайда, атадан қалған асыл сөздерді жағында сактап, насиҳаттап, өскелен ұрпақтың иғлігіне жаратып келген көкірегі ояу, көнекөз қариялардың мұлде азайғандығынан, әсіресе, діни сарыныңдағы фольклорлық әдебиеті үлгілерін жинаудың мүмкіндігі шектеле бастады. Бірақ қолда бар әдеби жәдігерлерді цензурасыз, толық, өзгертусіз, түпнұсқа негізінде жариялауға, терен зерттеулер жүргізуге барлық жағдайлар жасалды. Соның нәтижесінде «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы бойынша 2004-2013 жылдары жүзеге асырылған «Бабалар сөзі» жүзтомдышқ сериясының 21 томына шығыс сюжеттері жырланған 120-дан астам шығарма, соның ішінде 65 діни дастан енгізілді.

Соңғы жылдары еліміздегі ғылыми мекемелердің шетелдік әріптестерімен мемлекетаралық байланыстары жолға қойылып, ғылыми, шығармашылық байланыстардың аясы кеңіді. Соған байланысты

М.О. Өуезов атындағы Әдебиет және өнер институты үкіметаралық келісімдер негізінде бірлескен зерттеу жұмыстарын жүргізу, бірлескен фольклорлық экспедицияларға шығу, халықаралық конференцияларға қатысу, ғылыми кадрлармен алмасу сияқты біршама іс-шараларды жүзеге асырып келеді. Солардың бірі – Иран Ислам Республикасымен жасалған әдеби-мәдени байланыстар.

Қазақстан мен Иран Ислам Республикасының арасындағы дипломатиялық қатынастар орнаған 1992 жылдан бергі кезеңде екі елдің саяси-экономикалық, тарихи-мәдени байланыстары жоғарғы деңгейге жетіп, нәтижелі табыстарға жеткені белгілі. Бұл жетістіктер ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Иранға (1992, 1996, 1999, 2007, 2014), ИИР Президенттері А.Хашеми Рафсанджанидің (1993), М.Хатамидің (1998, 2002), Махмуд Ахмадинежадтың (2009), Хасан Руханидың (2014) Қазақстанға ресми сапарларындағы Жоғарғы деңгейдегі келіссөздер барысында талқыланып, жүзеге асырылды. Бұл ретте Иран Ислам Республикасының Қазақстандағы Елшілігінің жаңындағы Мәдени орталықтың да еліміздің әдебиеті мен мәдениетінің өркендеуіне, азаматтардың қунделікті өмірде имандылықта бет бұрып, Исламның хақ жолына түсуіне ықпал етіп отырғанын ризашылықпен атап өткен орынды.

Институт ғалымдары Иран-Қазақстан халықтарының шынайы достығының, екі елдің үкіметаралық келісімдерінің негізінде бірлескен зерттеу жұмыстарын жүргізу, екіжақты әдеби үдерістерге араласу, фольклорлық, классикалық мұраларды парсы-қазак тілдеріне аудару, халықаралық конференциялар, дәңгелек үстелдер мен семинарлар ұйымдастыру, ғылыми кадрлармен алмасу сияқты ғылыми-мәдени байланыстарды орнықтыруды қолға алды. Нәтижесінде атап ған Мәдени орталықтың басшылығымен жүздесулер, пікірлесулер жиі өткізіп, екі жаққа да тиімді келісім-шарттар жасалды. Институт ұжымы осы қол жеткен келісімдерді орындау мақсатында Орталықпен бірлесе отырып еліміздің сирек қорларында сақталған діни шығармаларды, назириларындағы жыр-дастандарды жарыққа шығаруды көздейді.

Еліміз тәуелсіздігін алғаннан кейінгі жылдары дін тақырыбындағы фольклорлық мұралар біршама зерттеліп, ғылыми енбектер, диссертациялық жұмыстар жазылды. Олардың арасында филология ғылымдарының докторлары Б.Әзібаевының «Казахский дастанный эпос» [8], У.Қалижанұлының «Қазақ әдебиетіндегі діни-ағартушылық ағым» [9], М.Әбдуовтың «Қазактың діни эпосы» [10], М. Алсабековтың «Казахская религиозная литература: письменные и устные традиции (XIX – начало XX вв.)» [11] атты іргелі енбектер бар.

Дегенмен, бұл зерттеулерді халқымыздың ділі мен діні қайта оралан орайлы кезеңдегі игі іс-шаралардың бастамасы ғана деуіміз қысынға келеді. Себебі ұрпақтан ұрпаққа жад арқылы жетіп, араб (төте, қадім, шағатай), латын жазуында хатқа түсіп, бүгінгі күні еліміздің сирек қорларында сақталып қалған фольклорлық туындылар мен авторлық ауыз әдебиеті өкілдерінің Ислам тақырыбындағы шығармаларының діні жарияланбағандықтан, олар зерттеу нысанына алған емес. Соңықтан бабалардан қалған осынау асыл мұраны толық игеріп, қазіргі жас буынның санасына сініріп, бүкіләлемдік мәдениеттің бір бөлшегі ретінде келешек ұрпақтарға аманаттау баршаның азаматтық борышы деп ойлаймыз.

ӘДЕБІЕТ

- [1] Бабалар сөзі: Жұзтомдық. – Астана: «Фолиант», 2005. Т.11-16: Діни дастандар.
- [2] М.О.Өуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Колжазба қоры (ӘӨИ), 128-бума.
- [3] Қисса хазірет Әли разы Алла анұдың шаһ Барбарға құл болып сатылғаны туралы. – Қазан: М.А.Чириков балаларының баспаханасы, 1896.
- [4] Қисса хазірет Әлидің Сараңбайды жолға салғаны. – Қазан: Ағайынды Кәрімовтер баспаханасы, 1913.
- [5] Қисса Шаһизинда. – Қазан: М.А.Чириков балаларының баспаханасы, 1897.
- [6] Хазірет Әлидің Жанәділ шаһарында төбелескені. Қазан: М.А.Чириков балаларының баспаханасы, 1899.
- [7] Қисса Салсал. – Қазан: М.А.Чириков балаларының баспаханасы, 1888.
- [8] Азibaeva B.U. Казахский дастанный эпос. – Алматы: Ғылым, 1998.
- [9] Қалижанұлы У. Қазақ әдебиетіндегі діни – ағартушылық ағым: XIX ғасырдың ортасы мен XX ғасырдың басы. – Алматы: Білім, 1998.
- [10] Әбдуов М. И. Қазақтың діни эпосы: діни эпостың типологиялық және поэтикалық мәселелері. – Қарағанды: КарМУ баспасы, 2006.
- [11] Алсабеков М. Казахская религиозная литература: письменные и устные традиции (XIX- начало XX вв.): Автореф. дис... д-ра филол. наук: 10.01.02. Алматы, 2010.

REFERENCES

- [1] Babalar sozi. Juztomdyq. – Astana: «Folian», 2005. T.11-16: Diny dastandar.
- [2] M.O.Auezov atyndagy Adebiет Jane oner institutyn Qoljazba qory, 128-buma.

- [3] Qissa haziret Ali razy Alla anhudyn shah Barnarga qul bolyp satylgany turaly. – Qazan: M.A.Chirikov balalaryny baspahanasy, 1986.
- [4] Qissa haziret Alidin Saranbaidy jolga salgany. – Qazan: Agaiyndy Karimovter baspahanasy, 1913.
- [5] Qissa Shahizinda. – Qazan: M.A.Chirikov balalaryny baspahanasy, 1997.
- [6] Haziret Alidyn Janadil shaharynda tobeleskeni. – Qazan: M.A.Chirikov balalaryny baspahanasy, 1899.
- [7] Qissa Salsal. – Qazan: M.A.Shirikov balalarinin baspahanasi, 1888.
- [8] Azibaeva B.U. Khazahskii dastannyi epos. – Almaty: Gilim, 1998.
- [9] Khalijanuly Y. Khazak adebietindegi dini-agartuchilik agim: XIX gasirdin ortasy men XX gasirdin basy – Almaty: Bilim, 1998.
- [10] Abdyov M. Khazaktin dini eposy: dini epostyn tipologialyk Jane poetikalyk maseleleri. – Karagandy: KarMY baspasy, 2006.
- [11] Alsabekov M. Khazakskay religioznay literatura: piissmennie I ustnye tradissi [XIX –nashalo XX v.v.]: Avtoref.diss... d-ra filol.nauk: 10.01.02. Almaty, 2010.

УДК 398; 801.8.

Т.Албеков

Института литературы и искусства им. М.О.Ауэзова

РЕЛИГИОЗНЫЕ ПИСЬМЕННЫЕ ПАМЯТНИКИ И ИХ РОЛЬ В ДУХОВНОСТИ НАЦИИ

Ключевые слова: религиозные дастаны, нация, ислам, восток, пророк Мухаммад, халиф Али, редкий фонд, фольклор, сюжет, жанр, Иран, литературно-культурные связи, вариант, собиратель, изучение, труд и др.

В статье рассматриваются вопросы возникновения в казахском фольклоре жанра религиозных дастанов, одного из главных персонажей религиозных сочинений – сподвижника пророка Мухаммада халифа Али, его подвигов по пути распространения ислама.

Также уделено внимание вопросам политики царского самодержавия в отношении ислама, место и роль ислама в духовной жизни казахов в досоветский период, а также проблемы религии в настоящее время.